

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24383 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 294-бабының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңың 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) 1 Қосымшаға сәйкес жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

2) 2 Қосымшаға сәйкес жылу электр станцияларының, жылу электр орталықтарының және қазандықтардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

3) 3 Қосымшаға сәйкес мұнай және газ өндіретін қондырғылардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

4) 4 Қосымшаға сәйкес шойын, болат және құйдіргіштерді біріктірілген өндірісі бойынша қондырғылардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

5) 5 Қосымшаға сәйкес цемент өндіру қондырғыларынан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

6) 6 Қосымшаға сәйкес Алюминий өндіру кезіндегі парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі;

7) 7 Қосымшаға сәйкес орман шаруашылығында парниктік газдар шығарындыларын сіңіруді ұлғайту және азайту жөніндегі жобаларды дайындау әдістемесі.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалауы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

C. Бекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі Ұлттық
статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 371 бұйрығына
1 қосымша

**Жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу
әдістемесі**

1-тaraу. Жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының зірленді және жанғыш газдарды жағудан болған көміртегі қос totығы (бұдан әрі – CO₂) шығарындыларының коэффициентін есептеуге арналған.

1. Жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының зірленді және жанғыш газдарды жағудан болған көміртегі қос totығы (бұдан әрі – CO₂) шығарындыларының коэффициентін есептеуге арналған.
2. Жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларының коэффициентін есептеуге арналған электрондық есептеу құралымен (бұдан әрі – ЭЕК) анықталады. ЭЕК көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторының (бұдан әрі - жүйесінің операторы) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
3. Осы Әдістемеде пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

- 1) агломерациялық газдар – кеннің металлургиялық қасиеттерін жақсарту үшін олардың ұсақ бөлшектерін термиялық күйдіру процесінде түзілетін газдар;
- 2) газдың компоненттік құрамы – газдың құрамында қамтылған әртүрлі көмірсутектер қоспасы;
- 3) жанғыш газ – шығу тегі табиғи немесе жасанды жолмен алған, жану жылуы төмен газ;
- 4) жылушығару – жылу алу үшін отынның алуан түрлерін жағу процесі;
- 5) қондырғы операторы - меншігінде немесе өзгедей заңды пайдалануында қондырғысы бар жеке немесе заңды тұлға;
- 6) мұнай зауытының газы – мұнай өнімдерін термиялық және каталитикалық қайта өндіреу процестері кезінде түзілетін газ;
- 7) стандарттық жағдайлар – 20 градус температураға және 101325 Паскаль қысымға тиісті қоршаған орта жағдайлары (сынап бағанасының 760 миллиметрі).

4. Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Жанғыш газдарды жағудан болған CO₂ шығарындыларының коэффициентін есептеу

5. Жанғыш газдарды жағудан болған CO₂ шығарындыларын есептеуді қондырғының операторлары ЭЕК көмегімен есептелген шығарындылар коэффициентін және Кодексінің 293-бабының 4 тармағына сәйкес мониторингі жоспарының нысанына сәйкес (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) мониторингі нәтижесінде алғынған, жағылған жанғыш газдың салмағы (көлемі) туралы деректерді қолдана отырып жүргізеді.

6. Бастапқы деректер ретінде ЭЕК-ны пайдалану үшін жанғыш газдың компоненттік құрамы және оның тығыздығы туралы ақпарат ұсынылады. Газдың

сипаттамасы, оның компоненттік құрамы туралы барлық стандартты деректер жағдайына келтіріледі.

7. Компоненттік құрам мөлшерлік үлесте немесе молярлық үлесте беріледі. Анықталмаған компоненттер жағдайында газдың құрамы этан негізінде консервативті қабылданады. Бұл ретте ЭЕҚ мөлшерлік үлесті молярлық үлеске автоматты түрде қайта есептеу жүргізеді. Әртүрлі компоненттер үлесінің сомасы 100-ді құрайды.

8. Берілген жағу тәсілін есепке алып, жанғыш газды жағудан болған CO_2 коэффициенті ЭЕҚ көмегімен есептеудің нәтижесі болып табылады, ол мынадай:

салмақтық көрсеткіштерде – CO_2 т/газ т. Есептелең мәндердің ішіндегі ең нақтысы, өйткені ол газдың компоненттік құрамы туралы деректерге ғана тәуелді ;

көлемдік көрсеткіштерде – CO_2 т/газдың 1000 текше метрі. Берілген шарттар негізінде газдың тығыздығы туралы деректерге тәуелді;

энергетикалық көрсеткіштерде – CO_2 т/газдың Терраджоуль (бұдан әрі - ТДж). Берілген шарттар кезінде газдың тығыздығы мен калориялылығы туралы деректерге тәуелді. Газдың калориялылығы анықтама үшін ЭЕҚ көмегімен дербес деректер болмаған жағдайда есептеледі. Талдау жолымен алған газдың калориялылығы туралы дербес деректерді қолдану ең қолайлы болып табылады.

9. ЭЕҚ-да жанғыш газға арналған CO_2 шығарындыларының коэффициенті автоматты түрде оның компоненттік құрамы негізінде келесідей есептеледі:

Көрсеткіш:

Жанғыш газға арналған CO_2 шығарындыларының коэффициенті:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$EF_{DG,i,y} = \sum_k \left(\frac{V_{DG,i,k} \times z_k \times MW_k}{d_k \times \mu_k} \right) \times 44 \times OF,$$

мұндағы:

$EF_{DG,i,k}$ – шығарындылар коэффициенті (отын CO_2 /килограмм);

$V_{DG,i,k}$ – i газдағы k компонентінің таза көлемдік үлесі, %; (мониторинг жоспарына және қондырғының жалпы өндірістік практикасына сәйкес сынаманы іріктеу нұктелеріндегі газдың компоненттік құрамының зертханалық талдауымен анықталады);

z_k – k компонентіндегі көміртегі атомының саны;

MW_k – V газының молярлық көлемге келтірілген k компонентінің молярлық тығыздығы, (килограмм /кмоль)/(нм³/кмоль);

d_k – k компонентінен құралған газдың (қоспаның) орташа салмақтандырылған тығыздығы, (килограмм /кмоль)/(нм³/кмоль);

μ_k – k компонентінің молярлық салмағы, килограмм /кмоль;

44 – көміртегі қос totығының молярлық салмағы, кг/кмоль;

OF – қышқылдану коэффициенті (жылу шығару мақсатында жағу үшін үнсіз келісім бойынша 1-ге, сондай-ақ алаулық жағу үшін 0,995 тең қолданылады, мұнай өндеу зауытында өндіру және өндеу обьектілері үшін 0,98 тең қолданылады).

Егер өлшем бірлігі тонна болып табылған жағдайда, дөнгелектеу үтірден кейін екі санға дейін жүргізіледі.

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

10. Көрсеткіш:

к компонентінің молярлық тығыздығы:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$MW_k = \frac{\mu_k}{V}, \quad (2)$$

мұндағы:

MW_k - k компонентінің молярлық тығыздығы, (килограмм /кмоль)/(нм³/кмоль);

μ_k – k компонентінің молярлық салмағы, килограмм /кмоль;

V – қалыпты жағдайдағы бір моль газдың көлемі, м³/кмоль.

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

11. Көрсеткіш:

к компонентінен құралған газдың (қоспаның) орташа салмақтандырылған тығыздығы ЭЕҚ-да төмендегі формуламен анықталады:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$d_k = \sum_k V_{DG,i,k}(\%) \times MW_k^{(3)}$$

мұндағы:

d_k – k компонентінен құралған газдың (қоспаның) орташа салмақтандырылған тығыздығы, (килограмм /кмоль)/(нм³/кмоль);

$V_{DG,i,k}(\%)$ – i газдағы k компонентінің таза көлемдік үлесі, %; (мониторинг жоспарына және қондырғының жалпы өндірістік практикасына сәйкес сынаманы іріктеу нүктелеріндегі газдың компонентті құрамының зертханалық талдауымен анықталады);

MW_k - k компонентінің молярлық тығыздығы, (килограмм /кмоль)/(нм³/кмоль).

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

12. Газдың компоненттік құрамы жеке өндірістік зертханада немесе Кодекстің 186-бабының 8-тармағына сәйкес осындай талдау жүргізу үшін аккредиттелген сырттағы үйымның аккредиттелген зертханасын тарта отырып аккредиттелген тәуелсіз зертханада құралдық әдістерімен ұдайы анықталады.

Жанғыш газдың ауыспалы компоненттік құрамы жылына 20 мың тоннадан артық шығарылатын (қайта өнделетін) жеке технологиялық Қондырғының операторлары газдың компоненттік құрамын автоматты көп арналы (толық) газ анализаторларының көмегімен анықтайды. Газ анализаторлары "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Заңың 17-бабының 3) тармақшасына сәйкес өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген.

13. Газдың компоненттік құрамын талдамалы бақылау мерзімділігін қондырғылардың операторлары өздігінен белгілейді және ол Мониторинг жоспарының 13.2-тармағының 1) тармақшасында көрсетіледі.

14. Қондырғыларда газ тәрізді отын ретінде стандартты сапада сатып алынатын газды қолданатын қондырғылардың операторлары CO₂ шығарындыларының коэффициентін есептеу үшін газ жабдықтаушының табиғи

газдың компонентті құрамы, тығыздығы және төменгі жылу шығару қабілеттігі туралы деректерін қолданады. Бұл ретте қондырғылар операторларының ЭЕҚ көмегімен есептеген CO_2 шығарындыларының коэффициенті жабдықтаушыдан газдың сапалы сипаттамалары туралы деректер алынған мерзімде пайдаланған табиғи газдың көлеміне қолданылады.

15. Қондырғылар операторлары қондырғылардың өзге CO_2 шығарындыларын есептеу мақсатында көміртегінің жалпы теңгерімі есептерінде ЭЕҚ-ны пайдалана отырып есептелінген қондырғыдан алынған жанғыш газдағы көміртегінің жалпы немесе ауқымды үлесі туралы деректерді пайдаланады.

16. Сатып алынатын стандартты сапалы табиғи газды пайдаланатын, оны тұтынуы жылына 25 миллион текше метрден (газ көлемі стандарттық жағдайда) аспайтын қондырғы операторы, табиғи газ үшін көрсетілген ілеспе техникалық құжаттамаға сәйкес CO_2 шығарындыларының көлемді коэффициенттерін қолданады.

17. Мұнай және газ өндіретін қондырғылары бар қондырғы операторлары Кодекстің 294-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленген Мұнай және газ өндіретін қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларын (көміртегі қос тотығы мен метанның жалпы шығарындыларын) есептеу жөніндегі әдістемесінде көзделген, мерзімділікпен әртүрлі геологиялық объектілерден және орындардан алынатын газдың әрбір түрінің компоненттік құрамын анықтайды.

Газ факторы бір тонна мұнайға 10 текше метр газдан аспайтын ұсақ және шағын мұнай кен орындары үшін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 142-бабының 1-тармағына сәйкес кен орындарын игерудің бекітілген жобалау құжаттарында көрсетілген газдың компоненттік құрамы туралы деректер пайдаланылады.

18. Агломерат өндіретін қондырғылары бар қондырғылар операторлары қондырғының селективтік рециркуляциясы жүйесінің агломерациялық газдарының және/немесе басқа квоталанатын қондырғыларға берілетін агломерациялық газдардың компонентті құрамын ғана анықтайды.

19. Жанғыш газдарды қолданатын қондырғылардың өндірістік практикасы әрбір технологиялық қондырғылардың және CO_2 шығарындыларының әрбір көздеріндегі жанғыш газдың барлық түрлерінің толық компоненттік құрамын өлшеуді қарастыра бермейді. Дегенмен, бұл ретте стандарттық практика аясында қондырғыларда CO_2 шығарындылары жанама анықталуы мүмкін деректер өлшенеді және құжатталынады. Мұндай деректерге газдардың тығыздығы, жылу шығару қабілеттігі, газдағы көміртегінің салмақтық/мөлшерлік үлесі жатады.

20. CO_2 шығарындыларының коэффициентін ЭЕК-ны қолдана отырып, компоненттік құрамы туралы жеткілікті деректердің болмауына байланысты осы Әдістеменің 9-тармағының формуласы бойынша анықтау мүмкін болмаған жағдайда, келесі деректер қолданылады:

табиғи газ үшін үнсіз келісім бойынша осы Әдістеменің 16-тармағына сәйкес табиғи газ үшін CO_2 шығарындыларының жалпы коэффициенттері және/немесе тығыздығының мәндері пайдаланылады;

басқа жанғыш газдар үшін үнсіз келісім бойынша осы Әдістемеге қосымшаның 1 және 2-кестелерінде көрсетілген тығыздық, газдағы көміртегінің үлесі және CO_2 шығарындылары коэффициенттерінің мәндері қолданылады.

21. Мұнай-газ секторында тек мұнай зауыты газының тығыздығы туралы деректер болған кезде көлемді көрсеткіштер анықталады.

Көрсеткіш:

CO_2 көлемдік шығарындыларының көлемді коэффициенті:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$EF_{i'y} \text{ (көл.)} = P_{i'y \text{ өлш}} / P_{\text{кесте}} \times EF_{\text{кес}} \text{ (4),}$$

те.(көл.)²

Мұндағы:

$EF_{i'y}$ (көл.) – у жылында і процесі/газдың көзі үшін CO_2 шығарындыларының көлемдік коэффициентінің есептік мәні, $\text{CO}_2 \text{т}/1000$ газдың стандартты текше метрі;

$P_{i'y \text{ өлш}}$ – аспаптық әдіспен өлшенетін у жылы үшін і процесінен болған жанғыш газдың тығыздығы, килограмм/стандартты текше метр;

$P_{\text{кесте}}$ – осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес үнсіз келісім бойынша тығыздық, килограмм/стандартты текше метр;

$EF_{\text{кесте}} \text{ (көл.)}$ – осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес CO_2 шығарындыларының көлемдік жалпы коэффициентінің кестелік мәні, газдың $\text{CO}_2 / 1000$ стандартты текше метрі;

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Көрсеткіш:

CO_2 салмақтік шығарындыларының жалпы коэффициенті:

- 1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;
- 2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;
- 3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$E\text{F}_{i,y} \text{ масс} = E\text{F}_{i,y} (\text{көл.}) / P_{i,y} \text{ өлш}, \quad (5),$$

мұндағы:

$E\text{F}_{i,y} (\text{салм.})$ – у жылында і процесі/газдың көзі үшін CO_2 шығарындыларының салмақтік жалпы коэффициентінің есептік мәні, CO_2 тоннасы/газ тоннасы;

$E\text{F}_{i,y} (\text{көл.})$ – у жылында і процесі/газдың көзі үшін CO_2 көлемдік шығарындыларының жалпы коэффициентінің есептік мәні, газдың $\text{CO}_2 / 1000$ стандартты текше метрі;

$P_{i,y}$ өлш – аспаптық әдіспен өлшенетін у жылы үшін і процесінен болған жанғыш газдың тығыздығы, килограмм/стандартты текше метр.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Көрсеткіш:

Жылу шығару қабілеттілігінің көлемдік мәні:

- 1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;
- 2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғылардың меншікті деректері;
- 3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$\begin{aligned} NCV_{i,y} (\text{көл.}) &= P_{i,y} \text{ өлш} / P_{\text{кесте}} \times \\ &NCV_{\text{кесте(көл.)}} \end{aligned} \quad (6),$$

мұндағы:

$NCV_{i,y}$ (көл.) – у жылына і процесінен жанғышгаздың көлемдік жылу шығару қабілеттілігін есептеу мәні, терраджоуль/1000 стандартты текше метрі;

$P_{i,y}$ өлш – аспаптық әдіспен өлшенетін у жылы үшін і процесінен болған жанғыш газдың тығыздығы, килограмм/стандартты текше метр;

$P_{\text{кесте}}$ –осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес үнсіз келісім бойынша тығыздық, килограмм/стандартты текше метр;

$NCV_{\text{кесте}}$ (көл.) –осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес жанғыш газдың көлемдік жылу шығару қабілеттілігінің кестелік мәні, терраджоуль/1000 стандартты текше метрі;

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Көрсеткіш:

Газдағы көміртегінің көлемдік үлесінің мәні:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$\mu_{i,y(\text{салм.})} = P_{i,y \text{ өлш.}} / P_{\text{кесте}} \times \mu_{\text{кесте}} \quad (7),$$

мұндағы:

$\mu_{i,y(\text{көл.})}$ – у жылындағы процесі/газдың көзі үшін газдағы көміртегінің көлемдік үлесінің есептік мәні, бірліктер үлесі;

$P_{i,y \text{ өлш.}}$ – аспаптық әдіспен өлшенетін у жылы үшін і процесінен болған жанғыш газдың тығыздығы, килограмм/стандартты текше метр;

$P_{\text{кесте}}$ –осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес үнсіз келісім бойынша тығыздық, килограмм/стандартты текше метр;

$\mu_{\text{кесте}}$ (көл.) –осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес газдағы көміртегінің көлемдік және жалпы үлесінің кестелік мәні, бірліктер үлесі.

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Көрсеткіш:

Газдағы көміртегінің жалпы үлесінің есептік мәні:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$\mu_{i'y(\text{салм})} = \mu_{i'y(\text{көл.})}/P_{i'y\text{елш.}}, \quad (8),$$

мұндағы:

$\mu_{i'y(\text{салм})}$ – у жылында і процесі/газдың көзі үшін газдағы көміртегінің жалпы үлесінің есептік мәні, килограмм/стандартты текше метр;

$\mu_{i'y(\text{көл.})}$ – у жылында і процесі/газдың көзі үшін газдағы көміртегінің жалпы үлесінің есептік мәні, бірл.үлесі;

$P_{i'y\text{елш}}$ – аспаптық әдіспен өлшенетін у жылы үшін і процесінен болған жанғыш газдың тығыздығы, килограмм/стандартты текше метр.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Мұнай зауыты газының төмен жану жылуы туралы ғана нақты өлшенетін деректер бар болған кезде CO_2 мынадай анықталады:

Көрсеткіш:

Жанғыш газдан болған CO_2 шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$E(\text{CO}_2) = EF_{J\text{кесте}} \times NCV_{i'y\text{көл.}}, \quad (9),$$

мұндағы:

$E(\text{CO}_2)$ – жанғыш газдан болған CO_2 шығарындылары (немесе мұнай зауыты газының жеке жағдайында), тонна $\text{CO}_2/1000$ текше метр;

$EF_{J\text{кесте}}$ – осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес энергетикалық шығу бірлігіне CO_2 шығарындылары коэффициентінің кестелік мәні, CO_2 тонна/терраджоуль;

$NCV_{i'y}$ – осы Әдістемеге қосымшаның 2-кестесіне сәйкес жанғыш газдың төмен көлемдік жанудан жылу шығару мәні, терраджоуль/1000 стандартты текше метрі.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

Жанғыш газдарды жағудан
болған парниктік газдар
шығарындыларын есептеу
әдістемесіне
қосымша

1-кесте

Жанғыш газдар үшін үнсіз келісім бойынша коэффициенттер

| Газдың атауы | Өнеркәсіп тік үдеріс/ Газдың көзі | Газдың тығызд.(станд. жағдайда) | Газдағы көміртегінің салмақтық/ көлемдікүлесі | | Газды жағу кезінде CO ₂ шығарындыларының коэффициенті | | | Жанудың төменгі көлемдік жылуы t–20°C. p–101325 Pa |
|------------------|---|--|--|-------------|--|-------------------------|-----------------------------------|--|
| | | | Кг/шаршы метр | C m / газ м | C m / газ м | CO ₂ m/gаз м | CO ₂ m/1000 шаршы метр | |
| Кокс | Ко кс өндірісі | 0,45 | 0,5047 | 0,2271 | 1,8495 | 0,8323 | 48,0999 | 17302,60 |
| Жартылай коксты | Шұбаркөл разрезі көмірінен (арнайы кокс) жартылай кокс өндірісі | 0,91 | 0,17 | 0,15 | 0,60 | 0,54 | 70,85 | 7642,76 |
| Доменді газ | Қайта өнделген шойын қорыту | 1,30 | 0,2004 | 0,2605 | 0,7343 | 0,9545 | 217,6221 | 4386,22 |
| Доменді газ | Құйылмалы шойынды қорыту | 1,30 | 0,1838 | 0,2389 | 0,6734 | 0,8754 | 189,3770 | 4622,33 |
| Конвенторлы газ | Болат қорыту | 1,40 | 0,3657 | 0,5120 | 1,3400 | 1,8760 | 194,7959 | 9630,68 |
| Феррокорытпагазы | Феррохром өндірісі | 1,26 | 0,3589 | 0,4522 | 1,3151 | 1,6570 | 176,8031 | 9371,85 |
| Феррокорытпагазы | Силикомарганец өндірісі | 1,26 | 0,3811 | 0,4802 | 1,3965 | 1,7596 | 179,6387 | 9795,26 |
| Феррокорытпагазы | Ферросилиция өндірісі | 1,26 | 0,3621 | 0,4562 | 1,3267 | 1,6716 | 172,0869 | 9713,59 |
| Феррокорытпагазы | Ферромарганец өндірісі | 1,26 | 0,3927 | 0,4949 | 1,4391 | 1,8133 | 174,3199 | 10401,92 |

2-кесте

Көлемдік көрсеткіштердің кестелік мәндері

| Газдың атавы | Газ / үдеріс көзі | Газдың тығыздығы (станд.жағдайда) | Газдағы көміртегінің салмақтық/көлемдікүлесі | | Газды жағу кезінде CO ₂ шығарыныдыларының коэффициенті | | | Жанудың төменгі көлемдік жылуы t-20°C.р-101325 Pa | |
|-------------------|---|-----------------------------------|--|---------------|---|-------------------------|-----------------------------------|---|-----------------|
| | | | Кг/шаршы метр | C m/газ m | Сm/газдың 1000 шаршы м | CO ₂ m/газ m | CO ₂ m/1000 шаршы метр | | |
| | | | Ркесте | мкесте(салм.) | мкесте(көл.) | EFкесте (салм.) | EFкесте (көл.) | EFJ,кесте | NCVкесте (көл.) |
| Мұнай зауыты газы | Мұнайды алғашқы айдау қондырылары (өндөусіз газ отынын тікелей қолдану) | 1,93 | 0,8184 | 1,5795 | 2,9987 | 5,7875 | 64,8686 | 89219,26 | |
| Мұнай зауытыгазы | Газ сүзгіштері нен және/немесе аминді тазалаудан кейінгі құрғақ газ | 1,58 | 0,7998 | 1,2637 | 2,9307 | 4,6306 | 63,6540 | 72745,67 | |
| Мұнай зауыты газы | Қысым астындағы мазутты термикалық крекинг (вискрекинг) | 1,89 | 0,8171 | 1,5443 | 2,9940 | 5,6586 | 64,7429 | 87401,40 | |
| Мұнай зауыты газы | Баяулатылған кокстей | 1,53 | 0,8068 | 1,2344 | 2,9562 | 4,5230 | 63,5517 | 71169,70 | |
| Мұнай зауыты газы | Катализитикалық крекинг (бензиндік, кәдімгі режим) | 1,99 | 0,8095 | 1,6110 | 2,9663 | 5,9029 | 65,364 | 90308,07 | |

| | | | | | | | | |
|-------------------------|--|------|--------|--------|--------|--------|---------|----------|
| Мұнай зауыты газы | Кatalитик алық реформинг (кәдімгі режим) | 1,87 | 0,8066 | 1,5084 | 2,9556 | 5,5270 | 64,9432 | 85104,48 |
| Мұнай зауыты газы | Д О гидротазал ау | 1,44 | 0,8059 | 1,1605 | 2,9529 | 4,2522 | 62,9705 | 67526,12 |
| Қайтымды ("қышқыл") газ | Алауды жағуға күкірт тазалау қондырыларының қайтымды газдары | 1,45 | 0,0197 | 0,0285 | 0,0721 | 0,1045 | 5,0964 | 20509,44 |
| Ілеспе мұнай газы | Жоғары қысымды жылу агрегаттары мен алауларда жағу | 1,13 | 0,7424 | 0,8389 | 2,7204 | 3,0740 | 61,3524 | 50104,42 |
| Ілеспе минай газы | Төмен қысымды алауларда жағу | 1,36 | 0,7620 | 1,0363 | 2,7922 | 3,7974 | 62,5716 | 60688,18 |

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі
2021 жылғы 13 қыркүйектегі

№ 371 бұйрығына
2 қосымша

Жылу электр станцияларының, жылу электр орталықтарынан және қазандықтардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жылу электр станцияларының (бұдан әрі – ЖЭС), жылу электр орталықтарынан (бұдан әрі – ЖЭО) және қазандықтардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 294-бабының З тармағына сәйкес әзірленді және ЖЭС, ЖЭО және қазандықтардан болған көміртегі парниктік газдар шығарындыларын есептеуге арналған.

2. Осы Әдістемеде экономикалық қызметтің негізгі түрі және/немесе қосалқы түрлері болып табылатын ЖЭС-тен, ЖЭО-дан және қазандықтардан, сондай-ақ өздерінің жеке қажеттілігі үшін жылу энергиясын өндіретін және басқа

өнеркәсіптік қондырғыларының құрамына кірмейтін ЖЭС-тен, ЖЭО-дан және қазандықтардан болған парниктік газдар шығарындылары қаралады.

3. Парниктік газдар жылдық шығарындылары бойынша деректер жалпы ЖЭС, ЖЭО және қазандықтар бойынша беріледі. Қазандықтарда (жеке немесе бірлескен) отынның бірнеше түрлерін немесе маркаларын жаққан кезде шығатын парниктік газдар шығарындыларын есептеу әрбір түрі және маркасы бойынша бөлек жүргізіледі, ал нәтижелері қосылады.

4. Осы Әдістемеге және және Кодексінің 293-бабының 4 тармағына сәйкес мониторингі жоспарының нысанына сәйкес (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) қондырғы операторы отындардың саны, сапасы және элементті (компоненттік) құрамы туралы деректер бойынша мониторинглеуді жүзеге асырады.

5. Қондырғы операторы CO₂ жылдық шығарындысының анықтау кезінде мынадай деректерді пайдаланады:

1) есептік кезеңде қондырғының нақты деректері бойынша табиғи отынның түрлері, маркалары, кен орындары бойынша шығыны;

2) талдау нәтижелері бойынша жағылатын отынның жұмыс массасына келетін көміртегінің құрамы. Қондырғы операторы отынмен жабдықтаушы ұсынған отындағы көміртегі құрамы туралы деректерді пайдаланады немесе аккредиттелген жеке зертханасының нәтижелері бойынша немесе Кодекстің 132-бабының 9-тармағына сәйкес осындай талдау жүргізу үшін аккредиттелген сырттағы ұйымның аккредиттелген зертханасын тарта отырып, отынның жұмыс массасына келетін көміртегінің құрамына талдау жүргізеді;

3) отынның механикалық толық жанбауы салдарынан жоғалған жылу;

4) жағылатын отынның компоненттік құрамы.

2-тaraу. ЖЭС, ЖЭО және қазандықтардан болған қос totығының шығарындыларын есептеу

6. Көрсеткіш:

Қатты және сұйық отынды жағу кезіндегі CO₂ жалпы шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$M_{CO_2} = 0,01 \times B_{tab} \times (44/12) \times C^p \times (1 - 0,01 q_4), (1),$$

мұндағы:

M_{CO₂} - қатты және сұйық отынды жағу кезіндегі CO₂ жалпы шығарындылары;

$B_{\text{таб}}$ – есептік кезеңдегі табиғи қатты және сұйық отынның шығыны, тонна;
44/12 –көмір қышқыл газындағы көміртегін қайта есептеу коэффициенті;
 C^p – отындағы жұмыс массасына келетін көміртегі мөлшері, пайыздар;
 q_4 – қатты және сұйық отынның механикалық толық жанбауы салдарынан жоғалған жылу, пайыздар.

Бұл көрсеткіш қалдықтардағы және қалдыққа кеткен жанар май құрамының Бұл көрсеткіш шлактағы және алып кетудегі жанғыш заттардың құрамына талдау жасау негізінде есептеледі. Талдау Кодекстің 186-бабының 8-тармағына сәйкес меншікті өндірістік зертханада немесе Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханада жүзеге асырылады. Талдау болмаған жағдайда, қондырғы операторы қатты және сұйық отынның жануының механикалық толық болмауы салдарынан 3 пайызға тең жылу шығының қабылдайды. Отынның жануы механикалық толық болмауы салдарынан жылу шығыны есепті кезеңде орташаланған нақты деректер бойынша анықталады

Бұл формула қатты және сұйық отынды жағудан CO_2 шығарындыларын есептеу үшін қолданылады, өйткені ол жұмыс массасындағы отынның көміртегі құрамына негізделген. Егер сұйық отын шығыны көлем бірліктерінде ұсынылса, онда ол тығыздықты пайдаланып масса бірліктеріне ауыстырылады. Тығыздық жөніндегі деректерді отын беруші немесе Кодекстің 186-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өзінің өндірістік зертханасының немесе тәуелсіз зертхананың нәтижелері бойынша ұсынады.

Егер өлшем бірлігі тонна болған жағдайларда, дөңгелектеу үтірден кейін үш санға дейін жүргізіледі.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

7. ЖЭС-те, ЖЭО-да және қазандықтарда қондырғы операторының отындық тенгерімінде үлесі 1 пайыздан төмен өндіріс қалдықтары мен отынның басқа түрлерін жаққан кезде қондырғы операторы осы отынның (қалдықтардың) түрлерін жағудан болатын CO_2 шығарындыларының нақты көлемін есептеу үшін қабылданған халықаралық әдістемелерді пайдаланады. Пайдаланылған өзге отын түрлері туралы мәліметтер Мониторинг жоспарының 13.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген.

8. Қондырғы операторлары есептік жылдағы отынның барлық түрлері бойынша CO_2 шығарындыларын есептеу нәтижелерінің жиынтығын береді.

9. Сұйық отынның стандартты коммерциялық түрлеріндегі көміртегінің құрамын анықтау үшін қондырғы операторы отынмен жабдықтаушы ұсынған көміртегінің құрамы туралы деректерді қолданады. Жабдықтаушы ұсынған деректер болмаған жағдайда, қондырғы операторы Кодекстің 294-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленген мұнай және газ өндіретін кәсіпорындардың қондырғылары үшін Парниктік газдар шығарындыларын (көміртегі қос totығы мен метанның жалпы шығарындыларын) есептеу жөніндегі әдістемеге (бұдан әрі - Мұнай және газ жөніндегі әдістеме) сәйкес сұйық отынды пайдаланудан болған шығарындыларды есептейді.

10. Тақта тасталарды жағатын қондырғылар үшін CO_2 шығарындыларын есептеу кезінде карбонаттар ыдырағанда (диссоциация) түзілетін CO_2 ескеріледі.

Сланецтерді жағу кезінде CO_2 шығарындылары келесідей есептеледі:

Көрсеткіш:

Тақта тасталарды жағу кезіндегі CO_2 шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$M_{\text{CO}_2} = 0,01 \times B_{\text{нат}} \times [(44/12) C^p + (\text{CO}_2)_k^k] \times (1 - 0,01 q_4), \quad (2),$$

мұндағы:

M_{CO_2} – тақта тасталарды жағу кезіндегі CO_2 шығарындылары, тонналар;

$B_{\text{таб}}$ – есептік кезеңдегі табиғи қатты және сұйық отынның шығыны, тонналар;

$44/12$ – көмір қышқыл газындағы көміртегін қайта есептеу коэффициенті;

C^p – отындағы жұмыс массасына келетін көміртегінің құрамы, пайыздар;

$(\text{CO}_2)_k$ – карбонаттар көміртегінің қос totығы, пайыздар;

k – қабатты жағу кезінде 0,7, алаулы жағуда - 1,0 қабылданатын карбонаттардың ыдырау дәрежесі;

q_4 – қатты және сұйық отынның механикалық толық жанбауы салдарынан жоғалған жылу, пайыздар.

Бұл көрсеткіш шлактағы және алып кетудегі жанғыш заттардың құрамына талдау жасау негізінде есептеледі. Талдау Кодекстің 186-бабының 8-тармағына

сәйкес меншікті өндірістік зертханада немесе Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханада жүзеге асырылады. Талдау болмаған жағдайда, қондырғы операторы қатты және сұйық отынның жануының механикалық толық болмауы салдарынан З пайызға тең жылу шығынын қабылдайды. Отынның жануының механикалық толық болмауы салдарынан жылу шығындары есепті кезеңде орташаланған нақты деректер бойынша анықталады.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

11. Газ тәріздес отынның жануынан болған CO_2 шығарындылары мынадай есептелінеді:

Көрсеткіш:

Газ тәріздес отынның жануынан болған CO_2 шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$M_{\text{CO}_2} = \sum B_{\text{DG}} \times EF_{\text{DG}, i, y}, \quad (3),$$

мұндағы:

M_{CO_2} - газ тәріздес отынның жануынан болған CO_2 шығарындылары;

B_{DG} – есептік кезеңдегі тиісті компоненттік құрамдағы газ тәріздес отынның шығыны, тонналар;

$EF_{\text{DG}, i, y}$ – Жанғыш газдарды жағу жөніндегі әдістемеге сәйкес шығарындылар коэффициенті, CO_2 тоннасы/отын тоннасы.

Газ тәріздес отынды жағудан болған CO_2 шығарындыларының коэффициентін есептеуді қондырғы операторы Кодекстің 294-бабының З тармағына сәйкес әзірленген Жанғыш газдарды жағудан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемеге (бұдан әрі - Жанғыш газдарды жағу әдістемесі) сәйкес жүргізеді. Газдың компоненттік құрамының талдамалы бақылау мерзімділігін қондырғы операторы өз бетінше немесе өнім берушінің

газ тәріздес отынның стандарттық сапасын сатып алу (жеткізу) шарттарына сәйкес белгілейді және Мониторинг жоспарының 13.2-тармағының 1) тармақшасында көрсетеді.

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

3 тарау. Жылу электр станцияларының, жылу электр станциялары мен қазандықтардың қазандықтарынан метан және азот тотығы шығарындыларын есептеу

12. ЖЭО, ЖЭО және қазандықтардың қазандарынан метан (бұдан әрі - CH₄) және азот оксиді (бұдан әрі - N₂O) қатты, газ және сүйек отынды жағудан шығатын газдарды есептеу кезінде осы Әдістеменің 11-тармағында көрсетілген формула қолданылады.

Бұл жағдайда и EFN20 тиісті шығарындылар коэффициенті қолданылады.

Газ тәріздес отынды жағудан болған CH₄ және N₂O шығарындыларының коэффициентін есептеуді қондырғы операторы Кодектің 294-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленген Жанғыш газдарды жағу әдістемеге сәйкес жүргізеді.

13. Парниктік газдар шығарындыларын эквивалент тонна CO₂-мен есептеу кезінде Кодектің 282-бабының 3-тармағына сәйкес жылынудың ғаламдық әлеуеттері қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 371 бұйрығына
3 қосымша

Мұнай және газ өндіретін қондырғылардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнай және газ өндіретін қондырғылардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 294-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленді және мұнай мен газ өндіретін қондырғылардан парниктік газдар шығарындыларын есептеуге арналған.

2. Осы әдістемеде мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) газлифтті газ – мұнай ұнғымасының газлифті және жоғары қысыммен жүргізу үшін пайдаланатын газ;

2) газдық фактор – мұнай ұнғымасы өніміндегі көмірсугеңі газдары қоспаларының құрамы;

3) топтық өлшеу қондырғысы – ұнғымадан өндірілген мұнай, газ және су дебитін жедел өлшеу үшін пайдаланылатын кен орны (кен орындарының топтары) шекараларындағы техникалық құрылғы;

4) мұнайды газбен қанықтыру қысымы – бүкіл газды сұйықтыққа ерітептін қысым;

5) алынған ілеспе мұнай газының (бұдан әрі –ІМГ) мөлшері – таңдалған уақыт кезеңіндегі байланған немесе еркін ІМГ-нің ерітінді түрінде кен орынан/ ұнғымадан алынған ІМГ-нің жалпы мөлшері;

6) кен орны – барлау жүргізу нәтижесінде қорлары есептелген және (немесе) бағаланған пайдалы қазбаның (пайдалы қазбалардың) табиғи жиналуды бар жер қойнауының бөлігі;

7) қондырғы операторы - меншігінде немесе өзгедей заңды пайдалануында қондырғысы бар жеке немесе заңды тұлға;

8) мұнайды қысу қабаты – газды мұнайдан бөле бастайтын ең жоғары қысым;

9) ілеспе мұнай газы – шикі мұнайға байланған немесе ерітілген, немесе мұнайлыш-газды қабатына байланбаған (еркін) күйіндегі әр түрлі газ тәрізді көмірсүтектердің қоспасы;

10) стандартты жағдайлар – 20 градус температураға және 101325 Паскаль қысымға (сынап бағанасы 760 миллиметр) сәйкес келетін қоршаған орта жағдайлары;

11) құрғақ газ – этанның төмен құрамымен салыстырғанда оның құрамы CH₄ күрт иеленумен сипатталатын көмірсүтекті заттар тобының табиғи жаныш газы.

3. Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Мұнай және газ өндіретін қондырғылардан болған парниктік газдар шығарындыларын есептеу

4. Көрсеткіш:

Қондырғының жиынтық парниктік газдар шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$E_{\text{total}} = E_{\text{gas,COMB,y}} + E_{\text{liq,COMB,y}} + E_{\text{liq,COMB}}^{\text{periodical}} + E_{\text{flare,y}} + E_{\text{fugitive,y,CH4}} + E_{\text{fugitive,y}}^{\text{technical}}, \quad (1),$$

мұндағы:

E_{TOTAL} – жиынтық шығарындылар, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{gas}'\text{COMB}',y}$ – у жылында газ тәріздес отын түрлерін жағудан болған жылдық CO_2 шығарындыларының жиынтығы (табиғи газ, ілеспе мұнай газы, газлифтті газ, құрғақ газ және басқалар), тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{liq}'\text{COMB}',y}$ – сұйық отын түрлерін жағудан болған жылдық жиынтық шығарындылар, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{liq},\text{COMB}}^{\text{periodical}}$

- жылжымалы немесе стационарлық агрегаттарда және резервті көздерде сұйық отынды жағудан болған шығарындылар, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{flare}',y}$ — ілеспе мұнай газын алауда жағудан болған CO_2 шығарындылары, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{fugitive},y,\text{i},\text{CH}_4}$

- өндірістік аланда ағып кету және авариялық төгінділерден болған жалпы жылдық шығарындылар, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{\text{fugitive},y}^{\text{technical}}$

– ИМГ нормаланатын технологиялық ысыраптарынан С жылдық жиынтық шығарындылары, тонна CO_2 -эквивалент .

Егер өлшем бірлігі тонна болған жағдайларда, дөңгелектеу үтірден кейін екі санға дейін жүргізіледі.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

5. Көрсеткіш:

Газ тәріздес отынды жағудан болған парниктік газдардың жалпы жылдық шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$E_{gas'} \text{ COMB}'_y = E_{gas'j'_y} + E_{gas'd'_y}, \quad (2),$$

мұндағы:

$E_{gas'} \text{ COMB}'_y$ – у жылында газ тәріздес отын түрлерін жағудан болған жылдық көміртегі қос totтығы (бұдан әрі – CO_2) шығарындыларының жиынтығы (табиғи газ, ілеспе мұнай газы (бұдан әрі – ИМГ), газлифтті газ, құрғақ газ және басқалар), тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{gas'j'_y}$ – у жылында j газ тәріздес отын түрін жағудан болған CO_2 -экв. шығарындылары, тонна CO_2 -эквивалент;

$E_{gas'd'_y}$ – у жылында j газ тәріздес отынның басқа түрлерін жағудан болған CO_2 - эквивалент шығарындылары, тонна CO_2 – эквивалент.

4) ұйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

7. Көрсеткіш:

Газ тәріздес отынды жағудан болған парниктік газдардың шығарындылары:

1) көрсеткіштерді қалыптастыру кезеңділігі және мерзімдері: есептіден кейінгі жылдың 1 қантарына дейін;

2) ақпарат көздері: осы Әдістемеге сәйкес қондырғы операторының бастапқы деректері;

3) көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістерінің сипаттамасы:

$$E_{gas,j,y} = \sum_i FC_{DG,i,y,GF} \times EF_{DG,i,y}, \quad (3),$$

мұндағы:

$E_{gas'j,y}$ – у жылында j газ тәріздес отын түрін жағудан болған CO_2 -экв. шығарындылары, тонна CO_2 -эквивалент.

$FC_{DG,i,y,GF}$ – у жылында i кен орны үшін ИМГ тұтыну, ст.м³;

$EF_{DG,i,y}$ – у жылында i кен орны үшін ИМГ шығарындыларының коэффициенті, тонна CO_2 /ст.м³ отын;

Жылу шығару қабілетінің мәні отынның кәсіпорындағы ИМГ шығарындыларының коэффициентін есептеу кезінде ескерілген, ол Кодекстің 294-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленген Жанғыш газдарды жағудан болған

парниктік газдар шығарындыларын (көміртегі қос totығы шығарындыларының коэффициентін) есептеу әдістемесіне сәйкес электрондық есептеу құралы бойынша (бұдан әрі – ЭЕК) есептеледі.

CH₄ шығарындыларын есептегендеге нәтиже эквивалент тонна CO₂-мен есептеу кезінде Кодекстің 282-бабының З-тармағына сәйкес жылынудың ғаламдық әлеуеттері қолданылады.

4) үйғарынды ақпараттың орналасу орны: индикатор жыл сайын көміртегі сауда жүйесі операторының www.carbon.energo.gov.kz ресми интернет-ресурсында, "Кадастр" бөлімінде, "Қондырғылар операторларының есептері" бөлімінде жарияланады.

